



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 4 қыркүйек

### Қазақстан Ұлттық Банкінде сараптамалық қоғамдастық өкілдерімен кезекті кездесу өтті

Бүгін Алматыда Қазақстан Ұлттық Банкі өкілдерінің қаржылық сарапшылармен кезекті кездесуі өтті, оның барысында реттеушінің ақша-кредит саясаты мәселелері, ақша және валюта нарықтарындағы ахуал, сондай-ақ қаржы реттеушісінің базалық мөлшерлемені +/-1% симметриялық дәлізбен 9% деңгейде сақтау бойынша шешімі талқыланды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин атап өткендей, 2018 жылдың соңына дейінгі ағымдағы және күтілетін жылдық инфляцияның деңгейі нысаналы дәліздің (5-7%) ішінде сақталады. Алайда, қалпына келе бастаған ішкі сұраныс тарапынан, сол сияқты әлемдік экономиканың көрсеткіштері тарапынан проинфляциялық факторлар ықпалының күшеюі орта мерзімді кезеңде инфляцияның баяулау әлеуетін төмендетеді. Тиісінше, инфляцияның 2020 жылғы нысаналы бағдарды (4%-дан төмен) асуымен, 2019 жылы болжамды дәліздің жоғары шегінің жанында болу тәуекелдері артады.

В. Тутушкин сарапшыларға Қазақстан Ұлттық Банкі инфляцияға жақын арадағы 1-2 жылда әсер етуі мүмкін көрсеткіштердің серпінін мұқият қадағалауда, бірақ осы кезеңде түзету шараларын қабылдауды қажет деп санамайтынын айтты. Қазақстан Ұлттық Банкі нақты және болжамды инфляциялық қысым күшейген жағдайда, ақша-кредит саясатын қатаңдату мүмкіндігін жоққа шығармайды.

«2018 жылдың соңындағы нысаналы 5-7% кезінде, тамызда жылдық инфляция 6,0% деңгейде қалыптасты. Жылдық көрсеткіш бойынша азық-түлік тауарлары (5,1%) және ақылы қызметтер (4,9%) бағасы өсуінің баяулауына қарамастан, азық-түлікке жатпайтын құрауыштың серпіні (8,2%) инфляцияның жалпы деңгейінің бұдан әрі төмендеуіне кедергі жасауда. Инфляциялық аяның сипаты, көбінесе, Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатына формальды түрде байланысты емес ұсыныс жағынан болатын факторлармен айқындалады. Тұтынушылық инфляцияға, көбінесе, өндірушілердің, әсіресе өңдеуші өнеркәсіптегі бағаның өсуі, ұсыныстың күтілмеген күйзелістері, сондай-ақ жиынтық (тұтынушылық және инвестициялық) сұраныстың кеңеюі ықпал етеді», - деп түсіндірді В. Тутушкин.

Оның айтуы бойынша, тұтынушылық сұраныс ел экономикасында мемлекеттік бюджеттен әлеуметтік шығыстардың және жалақының өсуі аясында ағымдағы жылдың басынан қалпына келе бастаған халықтың нақты кірістерінің өсуімен, сол сияқты банктердің халықты тұтынушылық мақсаттарға кредиттеуімен ынталандырылуда. Орта мерзімді кезеңде осы фактордың инфляцияға ықпалы экономиканы фискалды ынталандыруды қысқарту бойынша күтулердің аясында бірте-бірте азаяды.

«Негізгі капиталға инвестициялар ағымдағы жылғы 7 айда 23,7%-ға өсті және мұнайгаз саласындағы, өңдеу өнеркәсібіндегі және құрылыстағы жобаларды іске асырумен қамтамасыз етілді. Экономикалық белсенділік өсу аясында жалғасып отыр.

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың мәні 2018 жылғы қаңтар-шілдеде 104,9% болды. Тау-кен өндіру (5,4%) және өңдеу (4,9%) өнеркәсіп, көлік (4,9%) және байланыс (5,2%), сауда (6,1%) өсуге оң үлес қосты. Экономиканың одан әрі өсу серпініне қатысты күтулер ағымдағы және өткен жылдардағы жоғары базаның салдарынан 2019 жылы баяулау ықтималымен, жоғары деңгейде сақталады. Сыртқы сектордағы тәуекелдер балансының теріс жаққа қарай жылжуы байқалуда», - деп хабарлады В.Тутушкин.

Сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі сарапшыларға мұнайдың әлемдік бағасы салыстырмалы түрде бір баррель үшін 70 АҚШ долларына жуық жоғары деңгейде қалып отырғанын, бірақ бұл әлемдегі ірі экономикалар арасындағы қатынастардағы белгісіздіктен туындаған теріс салдарларды өтей алмайтындығын айтты.

«Азық-түліктің әлемдік бағасының индексі шілдеде жылдық көрсеткіш бойынша 3,7%-ға төмендеді. Бұған қарамастан, әлемде азық-түлікті тұтынудың өсуі тұрақты ұзақ мерзімді үрдіс болып қалып отыр және азық-түліктің әлемдік қорларының төмендеуі аясында орта- және ұзақ мерзімді перспективадағы индекстің одан әрі өсуіне ықпал ететін болады», - деді В.Тутушкин.

Ол негізгі сауда әріптестері елдеріндегі ағымдағы инфляция нысаналы көрсеткіштен төмен болып қалыптасқанын қоса айтты. Бірақ бір жылға дейін шекте сыртқы инфляциялық процестердің күтулі жеделдеуі Қазақстандағы инфляцияның нысаналы дәліздің жоғары шегінен тыс шығуына ықпал ететін негізгі тәуекел болып табылады.

«АҚШ-тың экономиканың өсуіне қолдау көрсету жөніндегі саясаты, сондай-ақ АҚШ ФРЖ-нің негізгі пайыздық мөлшерлемелерді арттыру жөніндегі саясаты капиталдың әкетілуіне және дамушы елдердің, оның ішінде Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің ұлттық валюталарының әлсіреуіне әкелді. Сыртқы монетарлық жағдайлардың одан әрі қатаңдануы дамушы нарықтарға проинфляциялық қысым көрсетуін жалғастырады», - деп түсініктеме берді В.Тутушкин.

Қазақстандағы инфляциялық күтулер, В.Тутушкиннің айтуынша, төмендеудің ұзақ мерзімді үрдісін көрсетіп отыр. Соңғы тамыз айындағы бағалау қорытындысы бойынша, олардың сандық мәні 5,9% деңгейінде қалыптасты. Инфляцияның қабылдау жақсаруда. «өткен 12 айда тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасы бұрынғыға қарағанда тезірек өсті» деп санайтын пікіртерімге қатысушылар үлесі ағымдағы жылдың басындағы 52,1%-бен салыстырғанда, шілдеде 41,3%-ға дейін қысқаруын жалғастыруда.

Жағымды үрдіске қарамастан, күтпеген күйзелістер инфляциялық күтулер серпініне айтарлықтай ықпал ете алады, бұл күтулердің қысқа мерзімді кезеңде орнықсыз етеді.

Кездесуге қатысушылар Қазақстандағы ақша-кредит талаптарын талқылады, В.Тутушкин атап өткендей, ол талаптар бейтарап деңгейлерге жуық. «Ақша-кредит саясатының ағымдағы сипаты елімізде макроэкономикалық тұрақтылықтың сақталуына және экономиканың әлеуетті мәндер деңгейінде өсуіне ықпал етеді. Алайда, соңғы айларда байқалып отырған теңгенің әлсіреуі аясында, сондай-ақ нақты инфляцияның бұған дейін болжанған деңгейімен салыстырғанда анағұрлым жай баяулауы жөніндегі бағалар расталған жағдайда жағымсыз күтулердің өсуімен байланысты тәуекелдерді барынша азайту мақсатында ағымдағы жылдың соңына дейін ақша-кредит талаптары қатаңдатылуы мүмкін», - деп хабарлады сарапшыларға В.Тутушкин.

Содан соң ол инфляция бойынша болжамдар аздаған түзету жағына қарай қайта қаралғанын атап өтті, ол Ресей рублі мен дамушы елдердің басқа валюталарының құнсыздануы аясында ұлттық валюта бағамының әлсіреуімен, РФ-тегі инфляцияның өзінің таргеттелетін деңгейінен ықтимал асып кетуі нәтижесінде сыртқы инфляциялық аяның нашарлауымен, сондай-ақ қорлардың азаюы және әлемдік тұтынудың ұлғаюы

салдарынан дәнді дақылдардың баға белгіленімдерінің күтілетін ұлғаюымен байланысты болды.

«Болжамдарға сәйкес, Қазақстандағы жылдық инфляция 2018 жылы нысаналы дәліз шегінде 5-7% аралығында болады, ал 2019 жылы ол жаңа нысаналы дәліздің жоғарғы шегіне жақын бола отырып, 4-6%-ға біртіндеп өтеді», – деп толықтырды В.Тутушкин.

Кездесу барысында проинфляциялық тәуекелдердің күшеюі аясында тәуекел профилі нашарлағаны атап өтілді. «Инфляцияның орта мерзімді перспективада нысаналы дәліздің жоғарғы шегінен асып кету тәуекелдерінің ішінде сыртқы инфляциялық аяның нашарлауын, сыртқы монетарлық жағдайлардың қатаңдануын, ішкі тұтынұшылық және инвестициялық сұраныстың өскенін, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген нарығындағы ұсыныстың қысқа мерзімді күйзелістерін атап өткен жөн», – деді сарапшыларға сөзін қорытындылай келе В.Тутушкин.

Өз кезегінде, Қазақстан Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова еліміздің валюта және ақша нарықтарындағы ахуалға түсініктеме берді. «Ішкі валюта нарығындағы ахуал шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныстың теңгерімін көрсетеді. Дамушы елдерден капиталдың әкетілуі бойынша жалпы үрдіс аясында бейрезиденттер тарапынан Ұлттық Банктің ноттарынан портфельдік инвестициялардың әкетілуін ескерсек, теңгенің долларға қатысты әлсіреуіне бұл фактордың одан әрі әсер етуі шектеулі болады. 2018 жылғы 10 қыркүйектен бастап Қазақстан Ұлттық Банкі Т+1 есеп айырысу есебі бар валюта алаңын дамыту шеңберінде валюталық операцияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та Т+1 жүйесі бойынша есеп айырысумен, яғни мәміле жасалғаннан кейін келесі күні жүзеге асыратын болатын. Т+1 есеп айырысу жүйесіне көшу шетелдік инвесторлар үшін ішкі нарықтың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік беріп, туынды қаржы құралдарының, екінші деңгейдегі банктердің өзіндегі болжам жасау жүйелерінің дамуын ынталандыратын болады», - деді Ә.Молдабекова.

Кездесудің соңында Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдері сарапшылардың сұрақтарына жауап берді, олар, өз кезегінде, еліміздің қаржы нарығындағы ағымдағы ахуал және өзгерістер туралы дәйекті ақпарат алуға мүмкіндік беретін осындай кездесулердің маңыздылығын атап өтті.

Еске сала кетсек, сарапшылармен кездесуді Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы реттеушісінің нарықпен және жұртшылықпен белсенді коммуникациялар жүргізу саясаты шеңберінде тұрақты түрде өткізіп тұрады. Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2018 жылғы 15 қазанда Астана уақытымен сағат 17:00-де хабарланатын болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)